

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 158 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 сәуірде № 7309 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданының әкімі*

Р. Анбаев

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы
әкімдігінің 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 158
Қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2018 жылғы 18 мамырдағы № 140 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4747 болып тіркелген).

2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 29 наурыздағы № 113 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5290 болып тіркелген).

3. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 140 "Бас

бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы " 2019 жылғы 26 қарашадағы № 423 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5699 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК